

Мәслихаттың "Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 30 маусымдағы № 214 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 112 шешімі

Алтынсарин аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 30 маусымдағы № 214 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4978 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтынсарин аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Есмұханов

Мәслихаттың

2022 жылғы "26" қыркүйектегі

№ 112 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округ тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2 Бөлім. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Димитров ауылдық округінің әкімімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде жергілікті қоғамдастық бөлек жиынын өткізуді Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуга құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық бөлек жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Димитров ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың

2021 жылғы "26" қыркүйектегі

№ 112 шешіміне

2-қосымша

Мәслихаттың

2014 жылғы "30" маусымдағы

№ 214 шешіміне

2- қосымша

## Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекенниң атауы	Костанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Костанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің Танабай ауылының тұрғындары үшін	3
Костанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округінің Воробьевка ауылының тұрғындары үшін	2

